Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 7 «А» сыныбына
2022 -2023 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

Жаңа оқу жылында класта 21 оқушы. Ұлы – 14, қызы - 7. Жыл басында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесе отырып кластың әлеуметтік паспортын жасалды. Яғни, класс оқушыларының әлеуметтік жағдайларына анализ жасалды. Класс оқушылары түгелге жуық оқулықпен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар оқу тоқсанында тәрбие сағаты жоспарға сай жүргізіліп отырды. Тәрбие сағаттарының тақырыптары:

1 – Қыркүйек «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 13 қазан 2022-23 оқу жылы аралығында білім беру ұйымдары арасында ұлттық лигасының «үстел теннисі» сайысында сыныбымыздан Сабырова Хадиша мен Асқаров Нұрғиса қатысып командалық жарыста II орын алды. «Былғары доп - 2022» футбол жарысында ер балалар I орын алды.

Сыныбымызда «Ақылдың көзі – аталы сөз» мақал – мәтелдер сайсы өткізіліп, сынып оқушылары белсене қатысып жүлдері орындар алды. Мақсаты: мақал – мәтелдер қазақтың қысқа әрі нұсқа даналығы өмірдің түйген қорытындысы, тұрмыс айнасы екеніне көздерін жеткізу.

Мектебімізде 25 қазан Республика күні қарсаңында ұйымдастырлыған «Атамекен» тақырыбындағы патриоттық диктант конкурсынан сыныбымыз 2 орын алды. «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық жәрмеңкеге 7 а сынып оқушылары өз үлестерін қосты.

Аудандық білім бөлімінің әдіскері, математика пәнінің мұғалімі Берік Бектемір Нәженұлының зейнеркелік жасқа толуына орай ұйымдастырылғын аудандық «Математикалық регата» сайысында мектебімізден оқушылар қатысып, команда ішінде Өтеш Айбат пен Өтеміс Ерасыл II орынмен оралды.

25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған мектеп ата – аналарының II спартакиадасында 7 сынып ата – аналары қатысып, командалық I орын, Үстел теннисінен II орын алды.

Жоспарға сай барлық тәрбие сағаттары өткізіліп,анықтамасы жазылды.Сынып белсенділері өздеріне жүктелген міндеттерін жақсы атқарды. Сынып оқушылары спорттық жарыстарға да белсене қатысты.

Сонымен қатар ата анлармен де жұмыстар жүргізілді. Ата аналар жиналыстары уақытылы өткізіліп хаттамалары жазылды.

Жоспарланған тәрбие сағаттары мақсаттарына сай өткізілді.Оның ішінде жолда жүру ережесі оқушыларға түсіндіріліп,соған байланысты жол белгілері көрсетілді.

Класс жетекшісі: Н.Н. Мұңайтбасова